

Қ. Т. САПАРОВ<sup>1</sup>, С. М. ҚҰЛЖАНОВА<sup>2</sup>

(<sup>1</sup>Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,  
<sup>2</sup>С. Сейфуллин атындағы Қазак агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан)

## ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

**Аннотация.** Туризмді дамытудың алғышарты ретінде рекреациялық географиялық бағалауды алуға болады. Зерттеулер нәтижесінде белгілі бір аумақ бойынша бағалау әдістерін қолдана отырып *туристік-рекреациялық жергілікті жердің аумағының үйлесімді туристік-рекреациялық әлеуетінің бағасын беруде қазақстандық зерттеулердегі әдісті пайдаландық*. Туризмді дамытудағы табиғат ресурстарын игеруде Баянауыл мемлекеттік ұлттық саябағы мысалында бағалау жұмыстарын кешенді түрде зерттеу қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде саябактың туристік-рекреациялық сферасының қазіргі жағдайы мен туризмді дамытудың табиғи және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын анықтау және бағалау кешенді зерттеулер жүргізіледі. Олардың қатарына аумакта рекреация саласын дамытудың келешегін, табиғи ортаның сапасын сактау үшін туристік-рекреациялық ұсыныстардың тиімді кешенін белгілі уақытта үйлестірудін маңыздылығын, рекреациялық табиғат пайдаланудың жаңа бағыттарын анықтауға алғышарттар жасалынуының негіздері қаланды. Қорғауға алынған Жасыбай, Сабындықөл, Торайғыр көлдерінің жағалары туристік және экскурсия саяхат маршруттарын ұйымдастыруға қолайлылығы анықталды. Бағалау барысында туристерге қажетті аумақтың ресурстық коры анықталып, оның пайдалану мүмкіндіктерін шешу жолдары қарастырылды.

**Тірек сөздер:** қоршаған орта, табиғи ресурстар, экономикалық бағалау, ландшафт, табиғи-рекреациялық кешен, инфрақұрылым, атtractивтілік, ландшафттық-экологиялық мониторинг, рекреациялық коэффициент.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді қолдануды қамтамасыз сту үшін, тек қана табиғи ресурстардың саны мен сапасы ғана емес, сонымен қатар оның бағасы жайында мәліметтер де қажет. Өз кезегінде қоғамдық өндірістік-шаруашылық іс-әрекет нәтижесінде келтірілетін зардап құнына баға беру өте маңызды.

Экономикалық реттеу, табиғи ресурстардың құнын (ақшадай құнын) бағалауға негізделген, бұл оның қоғамда маңыздылығы мен қоғамдық өндірісте пайдалылығы мен рөлін обьективті анықтауға мүмкіндік береді. Жалпы түрде табиғи ресурстар көлемін, олардың сапалық сипатының ерекшелігін бағалауға және қажет болған жағдайда, ресурстың түрін есептеуге мүмкіндік береді.

Ұзақ уақыт бойы әлеуметтік жағдайда табиғи ресурстарына баға беру мүмкіндігі мойындалмады. Табиғи ресурстардың экономикалық тұрғыда бағалау арқылы оларды үнемсіз пайдалану, көп жағдайда қоршаған ортаның ластануына экеп соктырады.

Қазіргі кезде табиғи ресурстардың экономикалық тұрғыда бағалауда К. Г. Гофман мынадай критерийлерді анықтайды:

- табиғи ресурстарға экономикалық тұрғыда баға беру үшін төмендегілер табиғи ресурстарға негізделген ұлттық байлықтың көлеміне сандық және сапалық анықтама беру қажет;
- олардың пайдалану қорсеткіштерінің есебін негіздеу және табиғи ресурстарды тұтынумен қалпына келтіру, тиімді оңтайтын түрде пайдалануға байланысты шешімдерді қабылдауды салыстыру;
- ресурстарды игеру барысында табиғатқа жасалған зардапты бағалау, оның нәтижесі және табиғаттың қорғау шаралардың тиімділігіне баға беру.

Табиғи ресурстардың экономикалық бағасы олардың тұтынушылық бағасының сандық, сапалық өлшемін білдіреді және берілген ресурстың халық шаруашылық құндылығын анықтайды. Берілген бағаның мақсаты – ресурстарды қоғамдық өндіріс тиімділігін жоғарылату және бүкіл әлемдік халық шаруашылығын тұтынуды қанағаттандыру мақсатында қорғап, тиімді пайдалануға мекемелер мен ұйымдарды шақыратын экономикалық ынталандандыру. Қоғамдық өндіріс дамуының қарқынды өсуі, минералды, өсімдік, жануарлар әлемі сияқты табиғи ресурстардың қажеттілігінің өсуін анықтайды, ал бұл қоршаған ортаға зиянды, кері экологиялық әсерін тигізеді. Сонымен қоса, мекемелер мен ұйымдардың өндірістік-шаруашылық іс-әрекеті нәтижесінде, өнді-

В группе старых крыс под влиянием  $\alpha$ -липоевой кислоты также наблюдается рост частоты встречаемости колебаний с высокой частотой колебаний (рисунок 3, таблица 1). Ритм становится однофазным с основным ритмом в диапазоне 21–40 секунд (0,025–0,05 Гц) и 41–60 секунд (0,017–0,025 Гц).




Рисунок 3 – Частота регистрации декасекундных колебаний показателей температуры тела в группе старых крыс в состоянии покоя под влиянием  $\alpha$ -липоевой кислоты

Как видно из рисунка 4А, антиоксидант увеличивает у старых крыс встречаемость частот, длительностью 21–40 и 41–61 сек (первые два сопоставления), уменьшая их при более высоких длительностях (3–6 сопоставления). Другая (практически противоположная) картина в группе молодых крыс (рисунок 4Б). В этом случае антиоксидант увеличивает у молодых крыс встречаемость частот длительностью 21–40 и 41–61 сек (первые два сопоставления), уменьшая их при более высоких длительностях (3–6 сопоставления).




Рисунок 4 – Сопоставление встречаемости колебаний различной длительности (1-6) температурных биоритмов:  
А – у старых крыс до (ряд 1) и после введения антиоксиданта (ряд 2);  
Б – у молодых крыс до (ряд 1) и после введения антиоксиданта (ряд 2)

В полученных нами данных у молодых крыс введение  $\alpha$ -липоевой кислоты способствовало формированию тенденции роста более длительных колебаний (при сохранении основного «полуминутного» ритма). Также наблюдалось увеличение амплитуд колебаний регистрируемых показателей. Данное явление обусловлено влиянием  $\alpha$ -липоевой кислоты на автономную регуляцию.

У зрелых крыс в покое основным ритмом является «полуминутный», но уже наблюдается тенденция к расщеплению его, формированию «двухфазного» ритма. Введение  $\alpha$ -липоевой кислоты способствует формированию стойкого «однофазного» «полуминутного» ритма.

рістің қалдықтарымен ластануынан қоршаған ортасы сапасы нашарлай түсуде. Табиғи ресурстарға әртүрлі сипатта баға беру, оларды кеңінен қолдануымен байланысты пайда болуы мүмкін зардап, шығындарды ескеруге және ақша түрінде өндірістің қоршаған ортага тигізетін әсерін беруге мүмкіндік береді.

**Баянауыл-Шыңғыстау табиғи-рекреациялық кешеніне жататын Жасыбай-Қарасор көлі туристік-рекреациялық жергілікті аумақтың үйлесімді туристік- рекреациялық әлеуетінің бағасы О. Б. Мазбаевтың енбектерінде жан-жақты қарастырылған [1] (кесте).**

Баянауыл МҮТС-ның туристік-рекреациялық бағасы (О. Б. Мазбаев бойынша)

Рекреациялық аудандар	Табиғи рекреациялық кешендер	Балл есебімен			Барлығы, балл
		Табиғи ландшафттардың тартымдылық дәрежесі (атрактивтілігі)	Антропогендік рекреациялық ресурстарға қанығу дәрежесі	Инфрақұрылымдар мен қамтамасызың етілу дәрежесі	
Сарыарқа	Баянауыл-Шыңғыстау	4	3	3	10

Табиғи-рекреациялық ресурстарды бағалау мақсатында, ең алдымен оларды бөліп алу қажет. Олар геологиялық-геоморфологиялық, климаттық, су және биогендік ресурстарға жіктеледі. Баянауыл МҮТС табиғи рекреациялық ресурстарын бағалау барысында КР БГМ География институтының ғалымдары ұсынған тәменде көртсетілген градиациялар негізіне алынды: аумақтың ресурстарын рекреациялық мақсатқа қолдануға қолайлылық дәрежесі өте жоғары – 3 балл; орташа қалыпты – 2 балл; біршама тәмен – 1 балл; қолдануға қолайсыз – 0 баллмен бағаланады. Жергілікті жерлердің рекреациялық қызметі аумақтың рекреациялық қасиеттерінің екі мәні арқылы анықталады. Оның біріншісі – балдық жынытық, екіншісі – рекреациялық іс-әрекеттердің алуан түрлілігі коэффициенті. Әрбір рекреациялық аумақтың рекреациялық коэффициенті тәмендегі формуламен есептеледі.

**Кра = Сак/Срк ,**

мұндағы **Кра** – рекреациялық алуан түрліліктің коэффициенті; **Сак** – аумақтың рекреациялық қызметінің саны; **Срк** – ауданның рекреациялық іс-әрекетінің саны. Жер бедерінің сипаты көптеген рекреациялық іс-әрекеттердің түрлеріне, ландшафтың эстетикалық қасиеттерін анықтауға, күннің түсінен және құрылымдылық қолайлардың қарастырылышынан анықтаудың мүмкіндіктеріне әсер етеді. Жер бедерінен баға беруге вертикальды (тік) және горизонтальды (жазықтық) тілімденудің дәрежесі, беткейлердің тік құламалығы мен экспозициясы (құлдилылығы) және қазіргі жер бедерін түзуші үдерістердің қарқындылығына көп көңіл бөлінеді.

Климатқа баға берудің кешенді әдісінде шартты (эффективті) температура жүйесі де қолданылады. Қандай да бір аймаққа метеорологиялық элементтердің кешенді әсері ауа температурасы, салыстырмалы ылғалдық, жел жылдамдығы, күн радиациясы және ұзақ толқынды сәулеленумен сипатталады. Жазғы рекреациялық қолайлар кезеңнің орташа тәуліктік температурасы +25°C +30°C шамасында болуы қажет. Дені сау адамдардың денсаулығы үшін 40-60% салыстырмалы ылғалдылық қолайлар болады. Күндіз күннің көп түсі, көрінетін және ультракүлгін сәулелердің келуі, жарықтың түсі және айналасындағы ландшафтың тартымдылығы адамға ең қолайлар ауа райы болып табылады. Сондай-ақ әртүрлі климаттық факторларға субъективті баға беруде сауланама жүргізу тәсілі де қолданылады [3]. Бұл мәселелер В. С. Преображенский, И. Т. Твердохлебов, Н. С. Мироненко ресейлік ғалымдармен бірге қазақстандық ғалым С.Р. Ердәүлетовтың зерттеулерінде талданды [1, 2]. Қазақстанның әрбір өнірлері Г. Т. Кубесова (2004), М. А. Титова (2007), Е. А. Тоқтанов (2008), О. Б. Мазбаев, Б.Қ Асубаев, М.А. Хожаев, К.Б. Егембердиева (2010) т.б. ғалымдар енбектерінде аумақтардың (Ақтөбе облысы, Қекшетау өнірі, Жетісу Алатаусы, Балқаш-Алакөл алабы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қаспий маңы аймағы, Павлодар облысы) табиғи-рекреациялық ресурстарына экономикалық-географиялық түрғысынан бағасы беріліп, әлеуеті анықталынып, карталары қарастырылған деуге болады [4-7]. Ал автордың зерттеулерінде Қазақстанның шығыс, солтүстік-шығыс өнірлерінің табиғи-рекреациялық ресурстар картасында

топонимикалық деректер негізінде көптеген мәліметтер мен бірге байырғы қорықтардың ареалдары берілген [8]. Туризмнің түрлерін дамыту үшін пайдаланылатын су ресурстарына өзен арналарын, көл, минералды су көздерін жатқызуға болады. Топырақтық рекреациялық ресурстарға жер, ауа және су арасындағы зат пен енергия алмасу жүретін топырақтың әртүрлі типтері жатады. Сонымен бірге мұнда физикалық-химиялық, фауналық және флоралық рекреациялық ресурстар қалыптасады [8]. Өсімдік жамылғысының рекреациялық ресурс ретінде алатын орны да зор, себебі өсімдіктер ионизациялық және фитоцидті қасиеттеріне байланысты сауықтандыру рөлін атқарады. Зерттеу аумақының ландшафттар жүйесінің эволюциялық дамуы мен аумақты шаруашылыққа игеру әрекеттері жергілікті жердің геоэкологиялық негіздерін анықтайды (1-сурет).



1-сурет – Табиги-рекреациялық ресурстарға баға беру кезеңдері


Туризм мен демалысты дамыту мақсатында Баянауыл МҰТС табигатын тиімді пайдалану басқа табигат қорғау шараларымен бірге кешенді зерттеулерді қажет етеді. Ол үшін аумақта ландшафттық-экологиялық мониторинг жүргізіп, ландшафттың өзін-өзі реттеу қабілеттін арттыру мақсатында саябақтың жағалау шекаралары бойынша шаруашылық әрекеттің жүргізуге толық немесе ішінара тыйым салып, демалыс пен туризм аймактарын құру арқылы рекреациялық сыйымдылығын жасанды жолмен арттыру қажет. Жасыбайдың таза ауасы, жұпар желі, тұнық сұзы ата-бабаларымыздың ен жайлап, еркін өмір сүруінің кепілі болды, оның береке байлығы біздің ұрпақтарымызға жетеді. Баянауыл МҰТС аумағы болашақта туризмнің дамуына және өркендеуіне алғышарт жасайды. Ал туризм бүкіл әлемде мұнайдан кейінгі табыс көзі деп есептеледі және туризм индустриясын дамытуға көніл бөлініп, Қазақстанда көптеген жобалар іске асырылада.

Баянауыл МҰТС аумағы 50 688 га жерді қамтып, оның 18 655 гектарын орман алқабы алып жатыр. Саябақ 3 түрлі ерекшеліктері аймағын төмендегідей бағаладық. Олардың ең негізгілері:

– қорықтың негізгі және табиғи ландшафттары ұзақ уақытта қалыпта келтіруді қажет ететін аймактар. Бұл аймақта шаруашылық немесе табигат қорын пайдалануға тыйым салынған. Жер

көлемі – 31,1 мың га, бұл аумақты максималды -3 балл есебімен қарастыруды жөн көрдік. Яғни қолайлылық дәрежесі жоғары, рекреациялық әлеуеті мол (тартымдылық, ресурстардың ерекшелігі, инфрақұрылымның болуы т.б) екенін анғаруға болады (2-сурет).

– рекреациялық қорғауға алынған Жасыбай, Сабындықөл, Торайғыр көлдерінің жағалары туристік және экскурсия саяхат маршруттарын ұйымдастыруға қолайлы болғандықтан (6,1 мың га) **3 балл** есебінде алынды. Біржан көлінің маңы **2 балл**мен есептелінді.



2-сурет – Баянауыл МҮТС рекреациялық әлеуетін бағалау картасы (К. Т. Сапаров бойынша)

– рекреациялық-шаруашылық аймағы (6 мың га). Бұл жерлерде саябақтың табигат кешеніне көрі әсер етпейтін шаруашылық түрлерін жүргізуге болады. Осы аймақтардың бәрінде табигат қорын өндірістік пайдалануға, пайдалануға болмайтын буферлік аймақ (6,5 мың га) жерді алып жатыр [8]. Сонымен қатар Баянауыл МҰТС шекаралас жатқан және оның құрамына еніп жатқан кейбір тілемшелерді Қызылтау мемлекеттік қорықшасы, Мұрынтал, Жыландыбұлақ, Желтау, Салқынтау телімшелері туристік-рекреациялық әлеуетін біршама төмен – **1 балл** есебімен бағаладық. Зерттеу барысында қорлық, есепті-қорытынды және басқа мәліметтер пайдаланылды [1]. Зерттеу барысында саябақтың туристік-рекреациялық сферасының қазіргі жағдайы мен туризмді дамытудың табиғи және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын анықтау және бағалау бойынша осы аумақта алғашқы рет кешенді зерттеулер жүргізіледі. Олардың қатарына аумақта рекреация саласын дамытудың зор келешегін, табиғи ортаның сапасын сактау үшін туристік-рекреациялық ұсыныстардың тиімді кешенін уақытша үйлестірудің маңыздылығын, рекреациялық табигат пайдаланудың жаңа бағыттарын анықтауға алғышарт жасалды.

Табигат ресурстарын тиімді пайдаланып, қоршаған ортаның даму занылыштарын танып біліп, Баянауылдың ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын табиғи нысандар жайлы мол ақпараттарды алуға болады.

Туризмді дамытудағы табигат ресурстарын игеруде бағалау негізгі рөл атқарады. Қазіргі кезде қазақстандық және Ресей зерттеушілерінің материалдары барысында Баянауыл мемлекеттік ұлттық саябағы мысалында бағалау жұмыстарын кешенді зерттеу жолға қойылуы керек. Бағалау барысында туристерге қажетті ресурстық қор анықталып қана қоймай оны пайдалану мүмкіндіктерін де шеше аламыз.

#### ӘДЕБИЕТ

- 1 Мазбаев О.Б. Қазақстан Республикасы туризмнің аумақтық дамуының географиялық негіздері: Географ. ғыл. докт. дис. автореф. – Алматы, 2010. – 38 б.
- 2 Кусков А.С. Рекреационная география: учебно-методический комплекс. – М.: Флента: МПСИ, 2005. – 496 с.
- 3 Титова М.А. Проблемы и перспективы развития и территориальной организации Туризма Акмолинской области: Автореф. дис. ... канд. географ. наук. – Алматы, 2007. – 17 с.
- 4 Токпанов Е.А. Жетісу Алатауы өнірінде туризмді дамытудың географиялық негіздері: Географ. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2008. – 18 б.
- 5 Асубаев Б.Қ. Балқаш-Алакөл алабында туризмді дамытудың рекреациялық географиялық негіздері (Жазық аумақтар мысалында): Географ. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2010. – 16 б.
- 6 Хожаев М.А. Оценка природно-ресурсного потенциала для развития территориальной рекреационной системы Северного Казахстана: Автореф. дис. ... канд. географ. наук. – Алматы, 2010. – 17 с.
- 7 Егембердиева К.Б. Туризмді дамытудың негізгі ретінде Қазақстандық Каспий маңы аймағының табиғи-рекреациялық ресурстары: Географ. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2010. – 17 б.
- 8 Сапаров Қ.Т. Қазақстан топонимдердің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері (шығыс, солтүстік-шығыс өнірлері мысалында): Географ. ғыл. докт. дис. автореф. – Алматы, 2010. – 32 б.

#### REFERENCES

- 1 Mazbaev O.B. Қазақстан Республикасы туризмнің аумақтық дамуунун географиялық negizderi: Geograf. fyl. dokt. dis. avtoref. Almaty, 2010. 38 b.
- 2 Kuskov A.S. Rekreacionnaja geografiya: uchebno-metodicheskij kompleks. M.: Flenta: MPSI, 2005. 496 s.
- 3 Titova M.A. Problemy i perspektivy razvitiya i territorial'noj organizacii Turizma Akmolinskoj oblasti: Avtoref. dis. ... kand. geograf. nauk. Almaty, 2007. 17 s.
- 4 Tokpanov E.A. Zhetisu Alatauy өніrinde turizmdi damytudyн geografijalyk negizderi: Geograf. fyl. kand. dis. avtoref. Almaty, 2008. 18 b.
- 5 Asubaev B.Қ. Balqash-Alakel alabynda turizmdi damytudyн rekcreacijalyk geografijalyk negizderi (Zhazyқ aumaқtar mysalynda): Geograf. fyl. kand. dis. avtoref. Almaty, 2010. 16 b.
- 6 Hozhaev M.A. Ocenna prirodno-resursnogo potenciala dlja razvitiya territorial'noj rekreacionnoj sistemy Severnogo Kazahstana: Avtoref. dis. ... kand. geograf. nauk. Almaty, 2010. 17 s.
- 7 Egemberdieva K.B. Turizmdi damytudyн negizgi retindegi Қазақstandyқ Kaspij manu ajmagunuң tabibi-rekreacijalyk resurstary: Geograf. fyl. kand. dis. avtoref. Almaty, 2010. 17 b.
- 8 Saparov Қ.Т. Қазақстан toponimderdің қалыptasуы мен damuunun geografijalyk negizderi (shyfys, soltystik-shyfys өnirleri mysalynda): Geograf. fyl. dokt. dis. avtoref. Almaty, 2010. 32 b.

## Резюме

*K. T. Saparov<sup>1</sup>, S. M. Kul'zhanova<sup>2</sup>*

(<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан,

<sup>2</sup>Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан)

### ОСНОВЫ РЕКРЕАЦИОННО-ГЕОГРАФИЧЕСКОЙ ОЦЕНКИ РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА

В данной статье рассматриваются актуальные вопросы оценки туристическо-рекреационных ресурсов. Оценка природно-рекреационного ресурса Баянаульского национального природного парка проведена с использованием формулы расчета рекреационного коэффициента. В результате определена степень привлекательности исследуемого региона.

**Ключевые слова:** қоршаған орта, табиғи ресурстар, экономикалық бағалау, ландшафт, табиғи-рекреациялық кешен, инфрақұрылым, аттрактивтілік, ландшафттық-экологиялық мониторинг, рекреациялық коэффициент.

### Summary

*K. T. Saparov<sup>1</sup>, S. M. Kul'zhanova<sup>2</sup>*

(<sup>1</sup>Eurasian national university named after L. N. Gumilev, Astana, Kazakhstan,

<sup>2</sup>S. Seifullin Kazakh agro technical university, Astana, Kazakhstan)

### BASICS RECREATIONAL-GEOGRAPHICAL ASSESSMENT OF TOURISM DEVELOPMENT

It is considering the actual problems of tourism-recreation evaluation in this article. It was evaluated the nature recreation resources of Baianaul National nature park with using the formula of recreation coefficient's calculation. It was identified the degree of attractiveness of the research region.

**Keywords:** қоршаған орта, табиғи ресурстар, экономикалық бағалау, ландшафт, табиғи-рекреациялық кешен, инфрақұрылым, аттрактивтілік, ландшафттық-экологиялық мониторинг, рекреациялық коэффициент.